



«AKADEMIYALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAÝYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

## «Университетте LMS жүйесімен жұмыс істеу қағидаттары»

### бейне дәрістің мәтіні

#### Сәлеметсіздер ме!

Біз осы бейне-дәріс аясында Университетіміздің LMS жүйесінде жұмыс істеудің негізгі қағидаттары туралы айтқым келеді.

Бейне дәрісімнің негізгі бөліміне өтпес бұрын алдымен LMS деген не екеніне тоқталып өтейін.

LMS немесе Learning Management System – бұл білім беру мекемесіндегі оқу процесін басқару үшін қолданылатын бағдарламалық жасақтама немесе платформа.

Бұрын білім беру процесінде LMS аса маңызды рөл атқармады және оқу материалдары кітапхана немесе оқытушының үлестірімелі материалдары арқылы ұсынылды. Алайда, цифрлық технологияның қарқындап дамуымен бірге электронды формат білім беру жүйесінде кеңінен орын алды. Covid-19 және жаппай локдаун электрондық жүйелерді дамытуға деген ынтамызды арттыра түсті. Оқу процесін үзбеу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізіп, қазақстандық жоғары оқу орындарын LMS пайдалануға міндеттеді.

LMS бүкіл әлемде өзінің әр алуандығымен және функционалдығымен ерекшеленеді. Бұл бірнеше факторларға, соның ішінде білім беру мекемелерінің әртүрлі қажеттіліктеріне және әртүрлі педагогикалық тәсілдерге байланысты. Жүйелер пайдаланушының интерфейсі, мультимедиялық контентті жүктеу мүмкіндіктерімен, сондай-ақ, үшінші тарап жүйелері және мәліметтер базасымен және Learning Tools Interoperability (LTI), Single Sign-On (SSO) немесе API сияқты техникалық стандарттармен интеграциялану мүмкіндігінің болуымен ерекшеленеді.

Алайда, олардың ортақ белгілері мен сипаттамалары бар. Біріншіден, барлық LMS жүйелері оқу процесін онлайн немесе аралас (blended) форматта басқаруға мүмкіндік береді. Екіншіден, LMS жүйелерінің барлығы дерлік білім алушылардың белсенділігін, олардың бағаларын, үлгерімі мен оқу жетістіктерін бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, олар оқытушының білім алушымен өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз етеді және есеп беру және талдаудың қандай да бір түріне мүмкіндік береді.

Өздеріңіз түсінгендей, LMS-ты таңдау – бұл күрделі шешім, оны қабылдау барысында көптеген факторларды, оның ішінде Университеттің ішкі қажеттіліктерін де, қаржылық мүмкіндіктерін де ескеру қажет. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, LMS-ты таңдау кезінде



«АКАДЕМИАЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛІГАСЫ» ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАҰЙМАДАСТЫҒЫ  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASY,  
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL  
AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8,  
614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ  
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА  
АКАДЕМИЧЕСКОЙ  
ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА  
КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-  
СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ,  
ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614  
КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER  
EDUCATIONAL INSTITUTIONS  
«ACADEMIC INTEGRITY  
LEAGUE» THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN, 010000, NUR-  
SULTAN CITY, ESIL DISTRICT,  
KORGALZHYN AVENUE, 8, 614  
ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ішкі стейкхолдерлердің қажеттіліктеріне, соның ішінде Университеттің академиялық менеджментіне, оқытушылар мен студенттерге, университеттің қаржылық мүмкіндіктеріне, ұлттық және халықаралық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне назар аударуды ұсынамыз. «Дайын» жүйені сатып алу немесе оған жазылу, шешімдердің «орен-source»-ын пайдалану, сондай-ақ өз өніміңізді жасау – жеке шешім болып табылады және Университеттің саясатына, даму стратегиясына, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты.

Кез келген LMS жүйесінің маңызды элементі – курс болып табылады. Біздің Canvas LMS жүйесіндегі бес жылдық тәжірибеміз – MNU-да оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды курстың негізгі компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді. Біз тек онлайн курстар туралы ғана емес, сонымен қатар Университетімізде оффлайн режимінде өткізілетін тұрақты курстар туралы да айтып отырымыз.

Кез келген пәннің немесе курстың негізгі құжаты – силлабус болып табылады, онда курс пен оқытушы туралы, (\*) оқытушының кеңсе сағаттары, (\*) курстың және (\*) әртүрлі саясаттың сипаттамасы, (\*) оқу нәтижелері туралы ақпарат, (\*) тапсырмалар және оларды бағалау критерийлері туралы толық ақпарат, (\*) курс кестесі және тақырыптық жоспар, (\*) сондай-ақ барлық оқу материалдарының тізімі беріледі. Бұл құжат алдын ала, сабақ басталғанға дейін LMS-те орналастырылуы және білім алушыларға курстың барлық кезеңінде қолжетімді болуы керек.

Оқу материалдарын дұрыс орналастырудың да маңызы зор. Курстың материалдары әртүрлі болуы мүмкін және бұл оқыту әдістемесіне және курстың талаптарына байланысты. Курсқа электрондық файлдар, таныстырылымдар, бейне және аудио-контент қоса берілуі мүмкін. Олардың силлабусқа сәйкес түсінікті және ыңғайлы кірістірілуі – студенттердің курстың жалпы құрылымын түсінуінде шешуші рөл атқарады.

Оқытушылар үшін тапсырмалар топтары мен сол топтар ішіндегі тапсырмалар арасындағы пайызды икемді бөле алу мүмкіндігінің болуы маңызды. Бұл оқу нәтижелерін ескере отырып, тапсырмаларға көп немесе төмен пайыз беру мүмкіндігін ұсынады. Факультет тарапынан ағымдағы бақылау іс-шаралары мен емтихандардың белгіленген көлемін бекітуі шамадан тыс стандартталуы және бағалау сапасына теріс әсер етуі мүмкін, өйткені бұл оқытушының еркіндігін шектейді және пәннің ерекшелігін ескере отырып, ыңғайына қарай бағалауға мүмкіндік бермейді.

Білім алушыларға курс тапсырмаларын электронды форматта немесе сыныпта қағаз түрінде тапсыратынына қарамастан, олар туралы ақпарат қолжетімді болуы керек. Тапсырмалар шеңберінде бағалау критерийлерін жариялау және білім алушыларға кері байланыста болу мүмкіндігін беру – оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім алушы тарапынан қандай да бір бағалауға қатысты түсінбеушіліктің орын алу қаупін азайтады. Рубрикалар бойынша бағалау мүмкіндігі және топтық тапсырмаларды құру мүмкіндігі сияқты тапсырмаларды ауыстыра алу икемділігінің болуы оқытушы үшін маңызды функциялар болып табылады.



«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫ» ЖОГАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАҰЙМАДАСТЫҒЫ  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASY,  
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL  
AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8,  
614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ  
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА  
АКАДЕМИЧЕСКОЙ  
ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА  
КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-  
СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ,  
ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614  
КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER  
EDUCATIONAL INSTITUTIONS  
«ACADEMIC INTEGRITY  
LEAGUE» THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN, 010000, NUR-  
SULTAN CITY, ESIL DISTRICT,  
KORGALZHYN AVENUE, 8, 614  
ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

Сондай-ақ, LMS-те заңсыз мәтіндік кірістірмелерді анықтау жүйелерінің немесе плагиатқа қарсы жүйелердің интеграциялануының болуы маңызды болып табылады. Оқытушы немесе білім алушы тарапынан қандай да бір басқа жүйеге қосымша жүктеуді қажет етпей, LMS арқылы плагиатқа қарсы жүйеге тапсыратын білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстарын автоматты түрде жүктеу оңтайлы нұсқа болып табылады. Бұл оқытушының жұмысын жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар білім алушыға ыңғайлы, өйткені ол бір жүйеде толық көлемде кері байланыс алады.

LMS шеңберінде онлайн-прокторинг жүйесін пайдалану мүмкіндігі Университеттің онлайн-оқыту режиміне көшуі кезінде немесе онлайн немесе гибриді форматта курстар болған кезде Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу тәуекелдерін азайтады. Академиялық адалдық лигасының бекітілген стандартына сәйкес, онлайн-прокторинг бірқатар міндетті талаптарға сай болуы керек, атап айтқанда, бейне және аудио жазба жүргізу; бас, көз және ерін қимылдарын тану; жеке басын анықтау, монитор экранындағы жұмысты, кірген сайттар мен қосымшаларды жазып алу.

Сабакқа қатысу – бұл курсты сәтті аяқтауға әсер ететін талаптардың бірі, өйткені ол студенттерге оқуға белсенді қатысуға, оқытушылармен өзара әрекеттесуге және осы немесе қандай да бір тақырып бойынша сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Сабакқа қатысу талаптары болған кезде, сабакқа қатысуды есепке алу LMS жүйесі арқылы жүргізілуі және білім алушылар сабакқа қатысудың ағымдағы пайызын көре алуы маңызды. Егер ЖОО сабақтардың рұқсатсыз көп жібергенін анықтаса, онда LMS рұқсат етілген мөлшерден асып кеткен білім алушыларды автоматты түрде бұғаттауды қамтамасыз етуі керек.

LMS-ты пайдалану – курстар бойынша жұмыс істеумен ғана шектелмейді. Ішкі деректерді талдау үшін жүйені басқару және үздіксіз бақылау LMS-ты пайдалануда маңызды рөл атқарады.

Жүйені басқару – маңызды процесс болып табылады, өйткені оған жауапты қызметкерге LMS-ке толық қолжетімділік беріледі. Ол бастапқыда тиісті құзыреттерге ие болуы немесе иеленуі керек: жүйені және оның ерекшеліктерін түсіну, қызметкерлердің, оқытушылар мен студенттердің есептік жазбаларын басқару, қолжетімділікті орнату және бақылау, интеграциямен жұмыс және тағы басқалар. Жүйеге толық қол жеткізе алатын әкімшілер көп болмауы керек, өйткені бұл қауіпсіздік тұрғысынан қауіпті. Олардың саны әдетте оқу орнының контингентіне және LMS курстарының санына байланысты бір немесе екі қызметкермен шектеледі.

Бұл ретте жүйені басқару үшін шектеулі қолжетімділікке немесе функционалға қол жеткізу факультеттердің немесе Мектептердің әкімшілік құрамы үшін қажет. Академиялық бөлімшелердің қызметкерлері үшін әкімшілердің жүйеленген ролін айқындау қажет. Рөлдер оқу орнының құрылымына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Жалпы алғанда, рөлдердің жалпы тізімі келесідей болуы мүмкін: (1) жүйеге толық қолжетімді суперәкімші, (2) белгілі бір мектепке немесе факультетке қатысты деректер мен ресурстарға қол жеткізу үшін мектеп



«AKADEMIALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAÝYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

немесе факультет әкімшілері, (3) жүйеде орналастырылған контентті бақылауға және басқаруға жауапты контент модераторлар, (4) деректерді жинайтын және курстар бойынша талдауды ұсынатын аналитиктер мен есеп беру мамандары, (5) оқытушылар мен білім алушыларға оқу процесінде LMS қолдануға көмектесетін техникалық қолдау қызметкерлері.

Егер LMS-те курстар мен контентті қалыптастыру процесі мен тәртібін құра алмасаңыз, рөлдерді бөлу жүзеге аспайды. Негізінен, LMS – бұл университеттің қажеттіліктеріне бейімделе алатын икемді платформалар. LMS-те жұмыс істейтін пайдаланушылар тиісті рөлдерге ие болуы керек: Оқытушы, студент, қызметкер немесе әкімші. Іздеу арқылы қажетті факультеттің немесе мектептің курстарын табу үшін курстарды жеке кластерлерге бөлу керек.

Тиісінше, деректер базасымен немесе әкімшілік жүйесімен дұрыс интеграциялануы LMS жүйесін дұрыс таңдау секілді, маңызды болып табылады. Қандай пайдаланушылар әкімшілік жүйеден LMS-ке ауысуы керек және курстар жүйеде қалай бөлінуі керек екенін түсіну керек. Есіңізде болсын, курстар тек факультеттер бойынша ғана емес, сонымен қатар академиялық кезеңдер мен оқу жылдары бойынша да бөлінеді. Мұның бәрі қалай жұмыс істейді, қалай және қандай бағалаулар әкімшілік жүйеге ауысуы және жазылуы керек — мұның бәрін LMS жүйесін енгізу кезеңінде талқылау маңызды.

Оқу процесінің ашықтығы мен академиялық адалдық қағидаттарын сақтау үшін жүйеде өзара іс-қимылдың кез келген деңгейінде өзгерістердің тіркелуін қамтамасыз ету қажет. Курстарды, пайдаланушыларды және басқа деректерді құру немесе жою, бағалауды өзгерту және кері байланыс беру, бақылау іс-шаралары мен тестілеу деректері – мұның барлығы оқытуды бақылау мен талдаудың ыңғайлы жүйесін құруға көмектеседі.

Талдауды әзірлеу кейстері қарапайым да, күрделі де болуы мүмкін. Мысалы, оқытушының курс бойынша бағаларды қаншалықты жиі өзгертетінін, оқытушының бағаларды қаншалықты уақтылы және дұрыс шығаратынын, қандай курстар оқу материалдарын жүктеудің минималды талаптарына сәйкес келетінін бақылауға болады. Мұндай мониторинг техникалық мүмкіндіктердің болуына және мониторингтің мақсаттарына байланысты автоматтандырылған да, қолмен де болуы мүмкін.

Заманауи технологиялар оқу және оқу процесін жүргізу ережелерін қайта жазады. LMS – білім беруді инновациялау және жекелендіру мүмкіндіктерін ашатын маңызды құрал. LMS орналасқан жері мен физикалық шектеулеріне қарамастан қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік беретін оқытуды қолжетімді және инклюзивті етеді. Барлық білім беру контентін орталықтандырылған сақтау және басқару – ұйымның уақыты мен ресурстарын үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар талдау жасау мен тиімділікті арттыруға көптеген мүмкіндіктер береді.

## Университетте LMS жүйесімен жұмыс істеу қағидаттары



«AKADEMIYALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAÝYMDASTYGY  
QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY,  
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

Назар аударғандарыңыз үшін алғысымды білдіремін және бұл дәріс сіздің LMS жүйесі туралы түсінігіңізді арттырып, оны университетте пайдалану тәжірибеңізді жақсартады деген үміттемін.